

Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 қаңтардағы № 33-3 "2019-2021 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 49-2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 желтоқсанда № 6419 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 51-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 13.01.2020 № 51-10 шешімімен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 - баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған Тарбағатай ауданының бюджеті туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 33-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 48-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6314 нөмірімен тіркелді) сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тарбағатай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 қаңтардағы "2019-2021 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің бюджеті туралы" № 33-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-16-181 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 1 ақпанда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 43 570,0 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер - 3 921,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0,0 теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 теңге;
трансферттер түсімі – 39 649,0 мың теңге;
2) шығындар – 45 510,0 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 1 940,0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 1 940,0 мың теңге.
қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0,0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 940,0 мың теңге.";
"2019 жылға арналған Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен – 23 708,0 мың теңге көлемінде нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін."
аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

С. Жакаев

С. Жакаев

Тарбағатай аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 49-2 шешіміне қосымша
Тарбағатай аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 3 қаңтардағы
№ 33-3 шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған Көкжыра ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сомасы (мың теңге)
	Сыныбы	
	Кіші сыныбы	
	Атауы	
	1. КІРІСТЕР	43 570,0

1		Салықтық түсімдер	3 921,0
	01	Табыс салығы	781,0
	2	Жеке табыс салығы	781,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	3 140,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	737,0
	3	Жер салығы	450,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 953,0
2		Салықтық емес түсімдер	0,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер	0,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін түсімдер	0,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	0,0
	1	Жерді сату	0,0
4		Трансферттер түсімдері	39 649,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	39 649,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	39 649,0

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
		Кіші функция	
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
		Бағдарлама	
		Атауы	
		II. ШЫҒЫНДАР	45 510,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 575,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	25 575,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25 575,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25 575,0
07		Тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық	19 695,0
	2	Коммуналдық шаруашылық	9 545,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 545,0
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	9 545,0
	3	Елді-мекендерді көркейту	10 150,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 150,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	150,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	10 000,0
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	100,0
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	100,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	100,0

		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	100,0
15			Трансферттер	140,0
	1		Трансферттер	140,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	140,0
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	140,0
			III.Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
	5		бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		01	бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		1	Мемлекеттің бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
	6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V.Бюджет тапшылығы (профициті)	- 1 940,0
			VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	1 940,0
	7		Қарыздар түсімі	0,0
		01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	0,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0,0
			Қарыздарды өтеу	0,0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 940,0
		01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1 940,0
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 940,0